

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 79 (9141) | 1953 жылғы 18 апрель Сенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Агроном — егін шығымдылығын арттыру күресін ұйымдастырушы

Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі егіншілік мәдениетін мейлінше күшейте отырып, барлық ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын барған сайын арттыра беруді социалистік ауыл шаруашылығының ең басты міндеті етіп қойды. ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында: «Солтүстік-Шығыс Қазақстан аудандарында дәнді дақылдардың шығымдылығы бір гектардан: 15—16 центнерге дейін және суармалы жерлерде 24—26 центнерге дейін жеткізілсін» деп атап көрсетілді. Бұл өте жауапты және құрметті міндетті жүзеге асыру — елімізде азық-түлік молшылығын жасауды қамтамасыз етеді.

Біздің облыс республикамыздың негізгі астықты облыстарының бірінен саналады. Мұның өзі облыс егіншілеріне егін өңдеу есемен арттырып, елімізде азық-түліктің мол қорын жасау күресіне зор үлес қосу міндетін жүзтейді. Олай болса, бұл аса маңызды міндетті ойдағыдай орындап шығу облыс егіншілерінің ардақты борышы екені сөзсіз.

Егін шығымдылығын арттыра беру міндетін жүзеге асыруда ауыл шаруашылығының мамандары, әсіресе, агрономдар үлкен роль атқарады. Агрономдар — ауыл шаруашылық өндірісін ұйымдастырушы, ауыл-селода мичуриндік агробиология ғылымын және озат егіншілердің тәжірибесіндегі жаңа табыстарын насихаттаушы, оны практикалық жұмыста жүзеге асыруды ұйымдастырып отыратын жетекші күш болып саналады.

Облыста өздерінің құрметті міндеттерін аброймен орындап келе жатқан агрономдар аз емес. Солардың бірі — Ново-Георгиев МТС-нің агрономы, облыстық Советтің депутаты Оверченко, Вильяме атындағы МТС-тің агрономы Попова, Куйбышев атындағы МТС-тің агрономы Моложенко жолдастар. Бұл жолдастар колхоз-

дай жұмысты бсылай істеп жүрген жоқ. Кейбір агрономдар өздеріне жүктелген жауапты және маңызды міндетке немқетті қарайды. Егіс себу және егінді күту, сондай-ақ оны жыйнау кезінде агротехникалық шаралардың орындалуын жете бақыламайды. Егіншіліктің мәдениетін арттыра беру жолында егіншілерге кеңес беруді, оларға көмектесуді өздерінің міндеті деп санамайды. Мысалға Сартмар МТС-нің агрономы Кривородко, Николаев МТС-нің агрономы Тиреченко жолдастарды алуға болады. Бұл жолдастар көбінесе кеңседе отырады, колхоздарда, бригадаларда сирек болады.

Сартмар және Николаев МТС-терінің қамтуындағы бірсыпыра колхоздарда егіске әзірлік тиісті дәрежеде жүргізілмеді. Қар тоқтату жоспары орындалмады. Тұқымды тазарту және оны өңгіштік сапаға жеткізу жұмыстары баяу жүргізілді. Солай бола тұрса да, Кривородко, Тиреченко жолдастар ол колхоздарға тиісті көмек көрсетпеді. Қысқы агротехникалық шаралардың жүзеге асырылуын ұйымдастырмады. Тіпті бұлар өздеріне жүктелген маңызды міндеттердің бірі — колхозшылардың агро-зоотехникалық үйірмелерінің жұмысын да жолға қоймады. Колхоздардың көктемгі егіске шығуын ұйымдастыруда да бұлардың істеп отырған жұмысы мардымсыз болып отыр.

Жекеменген аудандық ауыл шаруашылық орындарында агрономдарға кеңсе жұмысын үйіп-төгіп тапсыру, сонымен оларды колхоздарға сирек жіберіп, кеңседе отырғызып қою әдеті бар. Мұндай жағдай Октябрь, Преснов, Приенім аудандарынан кездеседі. Бұл сыяқты теріс әдетке төзуге болмайды. Агрономдардың жұмыс орыны егіс басында болуға тиіс. Сондықтан ауыл шаруашылық орындары агрономдарды кеңседе есеп-қыйсап жұмысына пайдаланудан гөрі егіншілер арасындағы творчестволық жұмысқа дұрыс пайдаланулары керек. Агрономдардың ролін арттырып, олардың егіншілерге жұмыс үс-

Агрономиялық шараларды мүлтіксіз жүзеге асыру — мол өнім кепілі

Облысымыздың егіс даласында

Механизаторлар қызу еңбек үстінде

Қыялы астық совхозының механизаторлары егіс даласына шығып, өздерінің тракторларын дала жұмыстарына қосты. Пар мен зябті тырмалауда № 1 бөлімшеде 3 трактор, № 3 бөлімшеде 2 трактор агрегаттары жұмыс істеп жүр. 15—16 апрельде совхозда 530 гектар жер тырмаланып, ылғал жабылды.

16 апрельде дала жұмыстарына совхоздың № 2 бөлімшесі де шықты. Механизаторлар өздерінің барлық күш-жігерін пар мен зябті тырмалауды тез аяқтап, жерге ылғалды мол жыйнауға жұмсаулы. Бұл мақсатқа олар тракторлардың қуатын сарқа пайдалануға ұйғарып отыр.

Дала жұмыстарының алғашқы күндерінде тракторшылар стахановтық еңбектің үлгілерін көрсетті. Алғашқы күні тракторшы Г. Николаенко жолдас өз тракторымен бір сменада 80 гектар жер тырмалан, жоғары көрсеткіштерге жетті. Жер тырмалауда тракторшы Ф. Безганс жолдас өз тракторын жұмысқа өнімді пайдаланып, жақсы нәтижелерге ие болды.

Совхозда үгіміздегі көктемде 9 мың гектар жер тырмаланады. Егіншілер бұл жұмысты жоғары агротехникалық дәрежеде сапалы аяқтамақ.

«Бөктерек» колхозы бйыл 1500 гектар жерге егін егеді. Партияның XIX съезінің қарарларымен жігерленген колхоз егіншілері бұл егістік алаңның әрбір гектарынан 90 пұттан өнім алуға міндеттенді. Колхозшылар бұл күндері егін өнімін арттыру жолындағы күреске жаппай ұштасулы.

Колхоз егіншілері мол өнім жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістеті

Облысымыздың бірқатар колхоз, совхоздары дала жұмыстарын бастады. Енді бірер күнде барлық жерде егіс жұмыстары жаппай өріс алады.

Егіске әзірліктегі кемшіліктерді дереу жойып, көктемгі егіс жұмыстарын ұйымшылдықпен бастауды қамтамасыз ету — бүгін таңдағы ең басты міндет.

Ылғал үшін күрес жоқ

Преснов ауданының бірқатар алдыңғы қатарлы колхоздарының колхозшылары партияның XIX съезінің дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру жөніндегі қарарларын орындау жолында қажырлы күрес жүргізуде. Олар көктемгі дала жұмыстарына әзірлікті ойдағыдай аяқтаумен бірге, егін өнімін арттырудың агрономиялық шараларын да мінсіз жүзеге асырып келеді.

Егістік алаңға ылғал жыйнау бітік егін өсірудің басты шарттарының бірі. Мұны жақсы түсінген колхоздардың егіншілері көктемгі қар суын бөгеу ісін қызу қолға алып, оны ұйымшылдықпен жүргізіп жатыр. Бұл жөнінде Преснов МТС-нің қамтуындағы колхоздарда едәуір жұмыстар істелді. Егістік алаңға қар суын бөгеуде МТС колхоздарға көп көмек көрсетіп келеді. Ол егістік алаңның су ағатын ояң жерлерінде қар суын тоқтатып бөгеттер жасауға трактор қар жыртқыштарын белген. Бұл колхоздарда бөгеттер жасау, қар суын бөгеу жұмыстарын тыңғылықты жүргізуге мүмкіндік беруде. Кәзір МТС қамтуындағы колхоздарда 2 мың гектарға жуық егістік алаңның ояң жерлерінен су тоқтатылып бөгеттер жасалды.

Қар суын бөгеу шараларын жүзеге асыруға «Сталин жолы» колхозы (председателі Мақышов жолдас) ұйымшылдықпен кірісті. Мұнда 400 гектардан астам егістік жерлер мен шабындықтарға қар суын тоқтатылып бөгеттер жасалды.

Қар суын бөгеу жұмыстарын ауданның барлық колхоздары мен МТС-терінде ойдағыдай жүргізуге болады. Мұнда оған күш-мүмкіншілік жеткілікті. Солай бола тұрса да ауданда егістік жерлер мен шабындықтарға қар суын тоқтатудың

жайы мүлде қанағаттанғысыз болып отыр. Ауданның көптеген колхоздары бұл жұмысқа осы уақытқа дейін шыңдап кіріскен жоқ. Мұның негізгі себебі — аудан және колхоз бен МТС басшыларының егін өнімін арттырудың бұл сыяқты маңызды шарасын жүзеге асыруға жете мән бермеуінде, оны бағаламауында. Әсіресе, аудан басшылары қар суын бөгеу жұмыстарын тыңғылықты жүргізуге жеткіліксіз көңіл бөліп отыр. Олар қар суын бөгеудің әрбір колхозда дерезінде қолға алынып, оның үлгілі жүргізілуін мүлде талап етпей келді.

Істің жайы әресе, Майбалық МТС-нің қамтуындағы колхоздарда өте-мөте нашар. Мысалы, осы МТС қамтытып Жамбыл атындағы, Калинин атындағы және басқа да бірнеше колхоздар қар суын бөгеу жұмыстарын қолға да алмаған. Бұл жұмысқа аталған колхоздарда жыл сайын мән берілмей келеді. Оларда өткен жылы да қар суын бөгеудің жоспары орындалмай, қағаз жүзінде қалып қойған еді. Соның салдарынан егін өнімі қажетті мөлшерде алынбады. Колхоз басшылары өткен жылдың бұл сыяқты кемшіліктерін бйыл сабақ өтпей отыр.

Айтпа кету керек, Майбалық МТС-і де қар суын бөгеуге әлі күнге дейін кіріскен жоқ. Ол жерге ылғал жыйнау жөнінде қамтуындағы колхозға ешқандай көмек көрсетпей келеді.

Егістік алаңға қар суын бөгеу егін өнімін арттыруға бағытталған маңызды агрономиялық шара. Олай болса, Преснов ауданының басшылары қар суын бөгеудің әрбір колхозда тыңғылықты жүргізілуін, егістік алаңға ылғалдың мол жыйналуын қамтамасыз етуге міндетті.

М. ӘКІМЖАНОВ.

МОЛ ӨНІМ ҮШІН КҮРЕС

Халықтық демократия елдерінде

Архитекторлардың Бүкілполяктік кеңесінің аяқталуы

ВАРШАВА, 16 апрель. (СОТА). Кеше Варшавада архитекторлардың бірінші Бүкілполяктік кеңесі өзінің жұмысын аяқтады.

Кеңеске қатысушылар Москваны қайта салудың сталиндік ұлы жоспарын жүзеге асыру туралы және совет архитекторларының жетістіктері туралы ССРО архитекторлар академиясының толық мүшесі Москваның бас архитекторы А. В. Власовтың сөзін үлкен зейін қойып тыңдады.

Кеңеске қатысушылар қарар қабылдап, онда поляк архитекторлары реакцияшыл және дұшпандық ықпалдарға — космополитизмге, конструктивизм мен басқа да реакцияшыл ағымдарға сокқы бере отырып, социалистік реализмнің позициясына мықтап қалыптасуда, өздерінің творчествосында поляк архитектурасының дәстүрлі түрлерін көбірек пайдалануда деп атап көрсеткен.

Кеңес барлық поляк архитекторларының алдына: марксизм-ленинизмді, социалистік архитектура мен маркстік-лениндік эстетиканы тереңірек үйрену, совет архитектурасының тәжірибесін көбірек және тереңдей зерттеп, практикада қолдану; творчестволық сын мен өзара сынды өрісуге түсу, кәзіргі замандағы құрылыс техникасын меңгеру міндеттерін қойды.

Кеше кешке архитекторлар кеңесіне қатысушылар мен шетелдер делегациялары поляк үкметінің және Біріккен жұмысшы партиясының басшыларымен кездесті. Кездесуде Поляк Халық Республикасының Министрлер Советінің председателі Болеслав Берут болды.

Румыниядағы жаңа қалалар құрылысы

БУХАРЕСТ, 16 апрель. (СОТА). Румынияның телеграф агенттігі мынаны хабарлады: Румын Халық Республикасында жаңа қалалар өсіп келеді. Ежелгі Хунедоары қаласының төңірегінде халық өкме-

ұйымдастыру жұмыстарын жұмыс басына жүргізеді. Колхозшылардың агро-зоо-техникалық оқуын уақытылы өткізіп, колхозшылардың мичуриндік агробиология ғылымымен қарулануына зейін салады. Қыс күндерінде егістік жерге қар тоқтату, жергілікті тынайтқыштарды дайындау, тұқым тазарту, оны өнгіштік сапаға жеткізу сияқты жұмыстармен шұғылданды.

Бұл күндері колхозшылардың және МТС механизаторларының көктемгі егіске ұйымдастырылған түрде шығып, егіс жұмыстарының агротехникалық қолайлы мерзімде сапалы аяқталуына жетісуін ұйымдастырып жүр. Көзір жекелеген колхоздарда жерді тырмалау жұмыстары жүргізіле бастады. Аталған агрономдар бұл жұмыстың да сапасын үнемі бақылап отырады. Колхоздарда тұқымды себуге әзірлеу жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастырды. Мұның барлығы егісті қысқа мерзімде және үлгілі өткізуге қолайлы жағдай жасап отыр. Бұл жолдастардың жылы сайынғы осы сияқты көрнекті еңбектері өзінің игі нәтижелерін беріп келеді. Өткен жылы Ново-Георгиев және Вильямс атындағы МТС-тердің қамтуындағы колхоздар егіннен мол өнім алды. Сөйтіп, мемлекетке астық тапсыруда зор табысқа ие болды.

Алайда, агрономдар барлық жерде бір-

тінде нақтылы көмек көрсетуге жағдай тугызулары қажет.

Агрономдар егін шығымдылығын арттыру күресімен қатар мал шаруашылығын өркендету күресін де, демек, қоғамдық мал үшін жемшөп қорын жасау, мал азығындық егістің өнімділігін арттыру күресін де ұйымдастырушы болулары керек. Малазығындық егістен мол өнім алудың зор маңызы бар екендігін естен шығаруға болмайды. Сондықтан жұмыстың бұл саласына нақтылы басшылық ету—агрономдардың кезек күттірмейтін міндеті.

Агрономдар колхоз, совхоз өндірісіне агробиология ғылымының жаңа жеңістерін, озат тәжірибелердің табыстарын кеңінен енгізе отырып, егіннен тұрақты және мол өнім алу күресін ұйымдастырушы болуға тиіс. Олар өздерінің барлық творчестволық қабілетін, күшін социалистік егін шаруашылығын өркендету беру жөнінде партия мен үкметіміздің алға қойған міндеттерін зороймен орындап шығуға аямай жұмсауға міндетті.

Агроном—егін шаруашылығының маманы. Агрономдарды тәрбиелеу, олардың теориялық білімдерін көтеру, тәжірибелерін арттыру, сөйтіп, творчестволық өсуін қамтамасыз ету жергілікті партия, совет ұйымдарының маңызды міндеттерінің бірінен саналады.

Ең жаңа техника қолданылуда

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Өскеменнің Красин атындағы май заводы—республиканың тамақ өнеркәсібінің ірі кәсіпорны, сталиндік бірінші бесжылдықтар тұсында салынған завод. Көзір кәсіпорында жаңа техниканың орнына ең жаңа техника орнату жөнінде зор жұмыстар істелуде. Өсімдік майын шығаратын барлық негізгі механизмдер екі рет престейтін мол өнімді агрегаттармен ауыстырылуда, бұл агрегаттар

автоматпен басқарылады. Жаңа техника өндіріс мәдениетін едәуір арттырады. Жүк тиеу-түсіру жұмыстары механикаландырылуда.

Жаңа техниканың орнына ең жаңа техниканы қолдану жұмысы бйылғы егістің жаңа өнімін өңдеу маусымы басталғанға дейін аяқталады. Осының нәтижесінде майлы дақылдардан алынатын май көлемі шұғыл арта түседі.

Механизаторлардың мамандығы арттырылуда

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Облыстың МТС-тері мен ММС-терінде механизаторлар курсының тыңдаушылары оқуын бітірді. Жүздеген жас колхозшылар тракторшының, тіркеушінің, есепшінің мамандығын үйренді. Мақаншы және Жаңасемей МТС-тері дизельді тракторлар жүргізетін 50-ге жуық тракторшы даярлады. Оқуын бітіргендердің бәрі емтиханда жақсы және үздік білім алғанын көрсетті.

Көптеген механизаторлар өткен қыста өз мамандығын арттырып, аралас мамандықты меңгерді. Тельман атындағы және Науалы МТС-терінде комбайншылардың бәрі дерлік электрмен қой қыркы мамандығын меңгерді.

Облыстың МТС-тері мен ММС-терінде 4 мыңнан астам механизаторлар даярлықтан және қайта даярлықтан өтті.

Темекі егісін аяқтады

ШЕЛЕК (Алматы облысы). (ҚазТАГ). Шелек ауданының колхоздары темекі егу жоспарын өткен жылғыдан жарты ай бұрын орындады. Көшет өсіру үшін 70 мың шаршыметрден аса парникке тұқым себілді. Қалинин атындағы, Буденный атындағы, «Авангард» және «Қадам» ауылшаруашылық артельдерінің парниктерінде темекі қаулап көктемді.

Темекі өсіруші бригадалар мен звенолар көшетті баптауда. Егіс күніне үш рет суарылады. Темекі көшеттерін үстеп қоректендіру үшін тынайтқыш дайындалуда. Темекінің ең жақсы «Дюбек» сортын өсіруші ауданның колхозшылары бүкіл егіс көлемінде әр гектардан 12 центнер темекі жапырағын алу үшін күресуде.

дыкпен кірісті.

Ә. МҰХАМЕТОВ.

Егіске шықты

Бұл күндері Конюхов ауданының колхоздарының егіншілері қуанышты күндерді басынан өткізуде. Аудан колхоздары біртіндеп дала жұмыстарына шығып жатыр.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының колхозшылары егістік жерді іріктеп тырмалауды алғашқылардың бірі болып қолға алды. Пар мен зябті тырмалауға осы колхозда жұмыс істейтін трактор бригадасының мүшелері қызу кірісті. Көзір мұнда 170 гектар жер тырмаланды.

Көктемгі дала жұмыстары Куйбышев атындағы, «Колос», Ленин атындағы, «Новый путь», «Красная крепость» колхоздарында да басталды. Бұларда егіске трактор бригадалары да, егіс бригадалары да шыққан. Алғашқы күндері олар жүздеген гектар пар мен зябті тырмалап, ылғал жапқан.

Дала жұмыстарына шығушы колхоздардың саны барған сайын көбейе түсуде.

Т. БРЮХАНОВА.

Узынкөл совхозының коллективі егістік жерлер мен шабындықтарға қар суын бөгеу жұмыстарына тыңғылықты әзірлікпен кірісті. Совхоз егіншілері егістік алаңға көктемгі қар суын мол бөлеп, үстіміздегі жылы дөңді тақылдардың барлық көлемінен мол өнім алуға ұйғарып отыр.

Қар суын бөгеуде егіншілер жанқиярлықпен еңбек етті. Соның нәтижесінде совхозда аз уақыттың ішінде 900 гектар егістік алаңға қар суы бөтелді.

Мұнда қар-мұз бөгеттерін жасауға трактор қар жыртқыштары кеңінен пайдаланылуда. Тракторшылар бөгеттер жасауда еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Тракторшы Лукаш жолдас ЧТЗ тракторымен бір семінада 60—80 гектар жерге қар-мұз бөгеттерін жасайды.

Совхоз коллективі «Асау көлі құлама-

сы» деген учаскеде үлкен бөгеттер жасап, олармен 200 гектарға жуық шабындық жерлерге су жіберуге ұйғарып отыр. Бұл жұмыста егіншілер қажырлы еңбек етіп жүр.

Қар суын бөгеу жұмыстары Чистов, Совет совхоздарында да ойдағыдай жүргізілуде. Чистов совхозында 1200 гектар жерге қар суы тоқтатылды. Осымен бірге, мұнда 350 гектар қажырлы шөп егілген жерге, 300 гектар шабындық жерлерге қар суы бөтелді.

Аталған совхоздарда егістік жерлер мен шабындықтарға қар суын бөгеу жұмыстары барған сайын кең өріс алып, қызу қарқынмен жүргізілуде.

Б. ЖАҚЫПОВ. (Өз тілшіміз).

ИГІЛІК ТІ ІС

Преснов ауданындағы «Баян» және Киров атындағы колхоздар көктемгі дала жұмыстарын үлгілі әзірлікпен қарсы алып отыр.

Аталған колхоздарда егіске қажетті тұқымдық дақылдар тазаланып өнгіштік сапаға жеткізілген. Ауылшаруашылық құрал-саймандары түгел жөнделіп, дала жұмыстарына әзір тұр. Колхозшылар қыс

бойына егістік алаңдарға қарды тоқтатып, тыңайтқыш заттарды көп жыйнады. Олар көзір егістік алаңға қар суын бөгеу жұмыстарын қызу жүргізуде. Осымен бірге, егіншілер пар мен зябті жыртылған жерлерді тырмалау, күздік егісті көктемде үстеп қоректендіру, күту сияқты алғашқы дала жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтамақ.

Х. ИМАНОВ.

Өнімің өзіндік құнын кеміту—негізгі міндет

Совет халқы Ленин—Сталин партиясының басшылығымен коммунистік қоғам орнату жолында табыстардан табыстарға жетіп, коммунизмнің ұлы құрылыстарын ойдағыдай жүзеге асыруда. Біздің елімізде коммунистік қоғам орнатудың сталиндік ұлы жоспарының жүзеге асырылуы брасан зор қаражаттың жұмсалуды талап етеді. Оның негізі күн санап өсіп отырған социалистік қоры болып есептеледі. Социалистік қор жыйнаудың ең негізгі көзінің бірі халық шаруашылығының барлық тарауында өнімің өзіндік құнын кеміту болып саналады.

Өнімің өзіндік құны ақшаға шаққанда кәсіпорының жұмысын бейнелейтін негізгі көрсеткіш. Өнімің өзіндік құнының төржесі әрбір кәсіпорының жұмысы мемлекетке қаншаға түскендігін көрсетіп отырады.

1927 жылдың өзінде-ақ Сталин жолдас былай деген болатын.

«Біздің индустриямыздың жүруіне тиісті негізгі жолы, оның бұдан былай барлық басатын қадамын белгілейтін негізгі жол—өнеркәсіп өнімінің түсер бағасын үздіксіз арзандату жолы, өнеркәсіп товарларының босатылатын бағасын үздіксіз арзандату жолы болып табылады».

Облысымыздың бірқатар кәсіпорындары өздері шығаратын өнімің өзіндік құнын кеміту жөнінде бірталай жұмыстар істеді, социалистік жарыста алған міндеттемелер

рін артығымен орындап келеді. Құрал-жабдықтарды ойдағыдай пайдалана білумен қатар шикізатты үнемдеп, еңбек өнімділігін арттыра білудің арқасында 1952 жылы сыра-сусын заводы өнімің өзіндік құнын 3,4 процент, таразы заводы 9 процент, жергілікті өнеркәсіптің облыстық басқармасына қарайтын кәсіпорындар 3 процент кемітті. Өнімің өзіндік құнын кемітуде шарғын двигательдер заводы, электр өнеркәсібі және электр станциялары министрлігінің завод коллективтері бірталай табыстарға ие болды.

1952 жылы Петропавл нан комбинатында еңбек өнімділігін 8 процент арттырып, инженер Ковалевтің жұмыс істеу әдісі 29 жұмысшы үйреніп, 16 адамға арнаулы есеп ашылды. Мұнда Левченко мен Мухановтың бастамасы бойынша әрбір операцияда өнімің өзіндік құнын кеміту жөніндегі социалистік жарыстың қорытындылары көрсетіліп отырылады. Осы көрсеткіштердің барлығы өнімің өзіндік құнын кемітуге әсер етіп, өткен жылы комбинат жоспардан тыс жарты миллионнан астам мемлекетке пайда келтірді.

Өнімің өзіндік құнын кеміту жөніндегі жоспарды орындау ісінде табыстарымызбен қатар кемшіліктеріміз де болды. Бірқатар кәсіпорындары бұл жөнінде әлі ойдағыдай жұмыс істей алмай келеді. Мәселен, арақ-шарап заводының коллективі

біркелкі жұмыс істемеу салдарынан еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі жоспарды орындамады. Осы себепті шикізатқа шығарылған қаражаттың мөлшері жоспардағыдан 202 мың сом асып түсті. Бұл әрине, өнімің өзіндік құнына әсер етпей қойады.

Сол сияқты, «Комсомолка» тігін фабрикасы да өнімің өзіндік құнын кеміту жөніндегі жоспарды орындамау былай тұрсын, фабрика шығарған өнімдердің құны 1,4 процент жоғарлап, 500 мың сом қаражат артық жұмсалды. Мұнда өнімің өзіндік құнының көтерілуіне жіптердің ысырап болуы және еңбек ақы қорының ұқыпсыз жұмсалуды себепкер болды.

Өнімің өзіндік құнын кеміту ісі Гаев жолдас директор болып істейтін аяқкиім фабрикасында өте қанағаттанғысыз күйде қалып отыр. Бұл фабрикада 1952 жылы өнімің өзіндік құнын жоспар бойынша 8 процент кеміту керек еді. Ал, оның орнына өнімің өзіндік құны көтерілген. Фабрикада еңбекті ұйымдастыруға жауапсыз қарағандықтың салдарынан, әсеріне, фабриканың бұрынғы директоры Савченконың тарапынан шикізат пен құрамына материалдарды, отын және еңбек ақыны жұмсау жөнінде өрескел қателер жіберілгендіктен фабрикаға 1952 жылы 46 мың сом зыян келтірілген.

Келешекте өнімің өзіндік құнын кеміту күресінде еңбек өнімділігін үнемі арттырып, шикізаттарды, отын мен электр қуатын үнемдеп жұмсау, негізгі қорлар-

тінің тұсында екі жаңа қала пайда болды. Хунедоарының бұрынғы металлургия заводы—көзір Г. Георгиу-Деж атындағы металлургия комбинаты адам танымас-тай болып өзгерді.

Үстіміздегі жылы нан заводының құрылысы басталып, балалар диспансері салынып бітеді және көзіргі емхана үлкейтіледі. Мәдениет сарайының және екі кинотеатрдың құрылысы басталады.

КОЛЕСОВТЫҢ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

ВАРШАВА. (СОТА). Халықтық Польшаның машина жасайтын заводтарының жұмысшылары совет стахановшысы Василий Колесовтың кескішінің көмегімен металды шапшаң кесу әдісін қолдануға ерекше құшарлықты көрсетуде.

Жақын арада металшылар кәсіподағы В. Колесовтың кескішін алғашқы рет қолданған Вроцлав механика заводында бір-күндік «становтық мектеп» ұйымдастырды. Төменгі Силезияның ірі-ірі кәсіпорындарынан келген жүзден астам тоқар мұнда металды кесудің жаңа әдісімен іс жүзінде танысты.

Краковта «Газета Краковскаяның» инициативасы бойынша, В. Колесовтың кескішінің көмегімен металды шапшаң кесу әдісін енгізуге арналған кеңес өткізілді.

ды пайдалануды мейлінше жақсарту шешуші орын алуға тиіс.

Еңбек өнімділігін арттырып, өнімің өзіндік құнын үнемі кеміте беруге жетісу үшін еңбекті көп керек ететін жұмыстар толығынан механикаландырылуға тиіс, сөйтіп, кәсіпорындарында еңбек техниканың күшіне толық көшуі қажет.

Шағын двигательдер заводының коллективі технологиялық процестердің жаңа әдістерін өндіріске енгізудің нәтижесінде заводқа 60 мың сом қаржы үнемдеуге жетісті. Ал, жаңалық тапқыш ұсыныстарды тез қарап, оларды өндірісте пайдаланудан белген пайданың мөлшері 300 мың сомнан асып түсті.

Өнімің өзіндік құнын кеміту жөніндегі бүкілхалықтық социалистік жарысқа партия ұйымдары басшылық етуге тиіс. Заводтар мен фабрикалардың партия ұйымдары Сталин жолдасын нұсқауын басшылыққа ала отырып, өндірістің экономикасын тереңірек зерттеуге, озат тәжірибелерді жыйнақтап, оларды көпшіліктің игілігіне айналдыруға, өндіріс озаттарының қозғалысын бастап отыруға міндетті. Кәсіпорындарының партия ұйымдары мемлекеттік жоспардың орындалуын, өнім сапасының бұрынғыдан да жақсарту үшін және өнімің өзіндік құнын кеміту жөніндегі күресті арқашан ұйымдастырып, қамтамасыз етіп отыруға тиіс.

А. ЧЕРНЫШОВ,

ҚКП облыстық комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Партияның XII съезінің 30 жылдығы

1923 жылы апрельдің 17-нен 25-не дейін болып өткен партияның XII съезі партия мен совет халқының социализм орнату жолындағы күресінің тарихындағы маңызды кезең болып табылады. Съезд шарыарылған кезде біздің еліміз әдеулі қыпшынылықтарды жеңе отырып, жаңа экономикалық саясаттың жолдарында халық шаруашылығын қалпына келтіруде және Совет мемлекетін құруда айтарлықтай табыстарға не болды.

Партияның алдында жұмысы табының шаруалармен одағын оған әрі нығайту, халық шаруашылығын қалпына келтіру және оған әрі өркендету, пролетариат диктатурасын нығайту міндеті тұрды. Партияның XII съезі осы міндеттерді жүзеге асырудың жолдарын көрсетіп беруге тиіс болды. Бұл съезд Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін өткізілген бірінші съезд болды. Оған науқас болғандықтан Ленин қатыса алмады.

Съездің жұмысын бұдан бір жыл бұрын Лениннің ұсынысы бойынша партияның Орталық Комитетінің бас секретары болып сайланған И. В. Сталин басқарды. В. И. Лениннің 1923 жылдың январь-мартында, демек, съезд қарсаңында жазылған «Кооперация туралы», «Біз Рабринді қалай қайта құруымыз керек», «Біздің революциямыз туралы», «Аз болса да жақсы болсын» деген белгілі программалық мақалалары съезд жұмысының және оның қарарларының негізіне алынды. Бұл еңбектерінде В. И. Ленин біздің елімізде социализм орнатудың ұлы программасын белгіледі.

Сталин жолдастың «Орталық Комитеттің ұйымдастыру жұмысы жөніндегі есебі» және «Партия мен мемлекет құрылысындағы ұлттық моменттер» туралы жасаған баяндамалары съезде талқыланған негізгі мәселелер болды.

Орталық Комитеттің ұйымдастыру жұмысы жөніндегі есебінде Сталин жолда: жаңа экономикалық саясаттың екі жылғы тәжірибесін жыйнақтау негізінде партияның алдағы талау уақытта арналған нақты міндеттерін белгілеп берді.

Партияның XI және XII съездері арасындағы жұмыстарын сыпаттай келіп, Сталин жолдас партияны авангард ретінде жұмысы табымен байланыстыратын жалғастырушы құралдар жөніндегі қағыйданы белгілеп берді. И. В. Сталин міндет осы жалғастырушы құралдары немесе бұл аралық аппараттарды — кәсіпшілік одақтарын, кооперативтерді, жастар одақтарын, жұмысшы әйелдердің делегаттық жыйналыстарын, баспасөзді, Қызыл Армияны қажымай-талмай нығайтып отыру керек екенін көрсетті. Партия осылардың көмегі арқылы жұмысшы табымен байланыс жасайды, Совет мемлекетінде өзінің басшылық ролін жүзеге асырады.

Съезд өзінің қарарында «РКП мемлекеттік өкмет органдарының бүкіл саяси және мәдени жұмысына басшылық жасап келті және жасауға тиіс, республикалардың барлық шаруашылық органдарының жұмысына бағыт беріп отыр және беруге тиіс... Шаруашылық және жалпы мемлекеттік органдардың жұмысы үшін басты жауапкершілік РКП-ға жүктеледі, демек, ол жұмысы табының диктатурасын шың мәнінде жүзеге асыратын тарихи жауапшы күш» деп атап көрсетеді.

Бұл қарар халық жауларына, социалистік құрылыста партияның басшылық ролін жоққа шығарғысы келген, партияның мемлекетке басшылығын жоюды көксеген троцкишілерге күйрете соққы берді. Олар троцкишілер пролетариат диктатурасының негізіне зиян келтіруді көздеді.

Жұмысшы табының шаруалармен одағы саясатын іс жүзінде мойындамаған троцкишілер өнеркәсіпті шаруалардың шаруашылығын қанау есебінен құруды ұсынды. Бұл жұмысшы табының шаруалармен одағын қыйратуға әкеп соққан болар еді. Шаруалар жөнінде партияға саясатты ұсынған троцкишілердің әрекетіне тойтарыс беріп, съезд өзінің қарарында өнеркәсіптің, соның ішінде ауыр өнеркәсіптің дамуы шаруалар бұқарасының мүдделеріне қайшы келмей, қайта олармен ұштау түрінде жүргізілуі керек деп көрсетті.

Ұлт мәселесін дұрыс шешудің пролетариат диктатурасын нығайту үшін, социалистік құрылыстың міндеттерін ойдағыдай шешу үшін, сондай-ақ халықаралық революциялық қозғалыстың дамуы үшін орасан зор маңызы болды. Ленин мен Сталин біздің партиямыздың ұлт мәселесі жөніндегі программасын жасады.

«Қоғам дамуының тарихындағы ең күрделі мәселелердің бірі—ұлт мәселесін шешу Сталин жолдастың есімімен байланысты, —деді 1953 жылы 9 мартта Қызыл Алаңда қаралы митингінде сөйлеген сөзінде Г. М. Маленков жолдас, —Ұлт мәселесінің аса ұлы теоретигі Сталин жолдас тарихта тұңғыш рет, көп ұлтты зор мемлекет көлемінде, ғасырлар бойы болып келген ұлт алауыздығын жоюды қамтамасыз етті. Сталин жолдастың басшылығымен біздің партия бұрынғы езілген халықтардың экономикалық және мәдени артта қалушылығын жойды. Совет Одағының барлық ұлттарын біртұтас туысқан семьяға топтастырып, халықтардың достығын шыңдады».

1922 жылдың декабрінде ұлттық республикалардың Советтік Социалистік Республикалары Одағына ерікті түрде бірігуі лениндік-сталиндік ұлт саясатының зор жеңісі болып табылады.

көздеген троцкишілер мен бухариншілерді өшкереледі. Халықтың бұл жаулары ұлтшы-уклонистерді қорғады және партияның жергілікті ұлтшылыққа қарсы күресін тоқтатуға тырысты.

Сталин жолдастың баяндамасының барлық негізгі қағидалары енген партияның XII съезінің ұлт мәселесі жөніндегі қарарларында ұлт мәселесін дұрыс шешу үшін күрестің кең программасы берілді. Съездің қарарларында великорустық шовинизммен және жергілікті ұлтшылықпен шешуші күрес жүргізу қажеттігі көрсетілді. Съезд бұрын артта қалған ұлттардың теңсіздігін жоюға бағытталған нақтылы шараларды бекітті. Съезд Одақтың жоғарғы органдары мынандай болып құрылсын деп қаулы етті: «олар Одақтың ұлттарының жалпы мұқтаждары мен керектерін ғана емес, сонымен қабат, жеке ұлттардың арнаулы мұқтаждары мен керектерін толық өтейтін болсын. Сондықтан бүкіл Одақтық еңбекшілер бұқарасының өкілігі болып табылатын Одақтың кәсірлі орталық органдарымен қатар ұлттық белгілеріне қарамастан тең праволы негізде ұлттар өкілдігінің арнаулы органдары құрылуға тиіс».

Сталин жолдастың ұлт мәселесі жөніндегі баяндамасы маркстік-лениндік ғылымға кесілген зор үлес болып табылады. Баяндаманың қағидаларын және съезд қарарларын басшылыққа ала отырып, партия ЦСРО-да ұлт мәселесін шешуде брасан зор табыстарға не болды. Лениндік-сталиндік ұлт саясатының дәйекті түрде жүзеге асырылуының нәтижесінде Совет Одағы көп ұлтты мемлекеттің үлгісі болды. Коммунистік партия мен Совет Үкметі ЦСРО халықтарының арасындағы бұрыннан келе жатқан шаруашылық және мәдени теңсіздіктің қалдықтарын жойды және советтік социалистік ұлттардың гүлденуін қамтамасыз етті. ЦСРО халықтарының мызғымас достығы социализм елінің күші мен қуатының қайнар көзінің бірі болып табылады.

«Деревнядағы алым-салық саясаты туралы» және «РКП-ның деревнядағы жұмысы туралы» баяндамалар бойынша съезд қабылдаған қарарлардың халық шаруашылығын өркендету, жұмысшы табының шаруалармен одағын нығайту үшін аса зор маңызы болды. Шаруалардың жағдайын жеңілдету мақсатымен съезд заттай салықтың кейбір бөлегін ақшаға айналдыру жөнінде, барлық мемлекеттік және жергілікті төте салықтарды біртұтас ауылшаруашылық салығына бірастіру жөнінде қарар қабылдады. Съезд шаруалардың қалың бұқарасын кооперативтік құрылысқа қатыстыру жұмысын өрістетуге қажеттігін көрсетті.

В. И. Лениннің ұсынысы бойынша

КИНО

„Орындалған арман“

Румын әдебиетінің классигі Михаил Садовянудің «Митря Кокор» романы бойынша жасалған «Орындалған арман» кинофильмі қарапайым шаруа баласы Митря Кокордің өмір жолын баяндайды. Румын шаруаларының адам тәгісіз ауыр тұрмысы, үстем таптың зұлымдығы фильмде айқын сипатталған.

Митря Кокор жастай жетім қалып, оған тиісті жерді дйрменші ағасы Гица Лунгу иемденіп алады. Гица Митряның оқымын деген тілегін орындамай, оны Кристя «Трехносый» деген помещикке жалшылыққа береді. Жалшылықта жүріп көрген қорлығын айтқаны үшін ағасы помещик арқылы Митряны полицияға жазықсыз ұрғызуға дейінгі зұлымдыққа барады. Жерлесі Стойка Чернец Митряға еркін еңбек етіп, бақытты өмірде жүрген Совет Одағының еңбекшілері туралы әңгіме айтады. Міне, осы уақыттан бастап Митряда үстем тапқа қарсы күресу тілегі туа бас тайды.

Солдаттық өмірдің азабында жүрсе де Митря аз уақыттың ішінде-ақ жауынгер жолдастарының көмегімен сауатын ашып, сүйген қызы Настасияға алғаш рет хат жазады. Гитлершіл Германияның итаршысы Антонеску Митря сыяқты шаруа балаларын Румыниядағы фашистік тәртіпті сақтап қалу үшін, Совет Одағына қарсы әділетсіз, агрессорлық соғысқа күштеп жібереді. Митряның соғыста жүріп Совет Армиясының қолына түсуі, оның Совет елінің өмірімен толық танысуына себеп болады.

Кейіннен Митря румын халқының ардагер батыры Тудор Владимиреску атындағы румын еріктілерінің дивизиясында болып, Совет Армиясымен бірге Румынияны фашизмнің құлдығынан азат ету жолындағы ұрыстарға қатысады. Соғыс аяқталған соң туган селосына Жұмысшы партиясының өкілі болып келіп, шаруаларға жер бөліп береді. Румын тарихында тұңғыш рет шаруалар өз жерінде еңбек етіп, еркін еңбектің игі жемісін халық дәулетіне айналдыра бастайды.

Бухарест киностудиясы жасап шығарған «Орындалған арман» кинофильмінің режиссерлері М. Садова мен В. Илиу Совет Армиясының гитлершіл қарақшылардың кү-

лін көкке ұшырып, талқандаған жеңіс ұрыстарын, помещиктердің шаруаларды шектен тыс қанап, болмашы себептерді сылтау етіп оларды жазықсыз жазалауын, румын деревнясының бұрынғы көрінісін, соғысқа еріксіз жіберілген румын солдаттарының Совет Армиясына, совет халқына деген сүйіспеншілігін өте шебер көрсетіп білген.

Митря Кокордың ролінде ойнаушы артист С. Север, қатардағы шаруаға тән барлық қасиеттерді нанымды, шебер, бейнелейді. Қарапайым шаруаның баласы, бір кезде жалшылықта болған Митряның партия қызметкері дәрежесіне дейін өсу жолы фильмде нанымды болып шыққан.

Митря Совет елі деревнясының өскелең тұрмысын көріп, өз Отаны —Румынияда осындай мәдениетті, көрікті деревнялардың болуын арман етеді. Румыния жаудан азат етілгеннен кейін оның бұл тілегі орындалады. Сағына күткен жары Настасиямен қосылған Митря енді өз деревнясын, жаңа Румынияны гүлдендіру жолындағы еңбек майданына белсене араласады. Фильмнің соңында Митря Румынияның болашақ жас азаматын көтеріп тұрып: «Біз өз жеріміздеміз. Сен бақыттысың... Біз сен үшін болашақты жеңіп алдық» дейді.

Фильмге қатысушы актерлар: Т. Думитру (Стойка Чернец), Г. Мазилу (Кристя «Трехносый»), Дем. Саву (Гица Лунгу), А. Сореску (Настасия) өз кейіпкерлерінің мінез ерекшеліктерін, дүниеге көзқарасын нанымды етіп, өте шебер бейнелей білген.

Фильмдегі румын жерінің тамаша бай табиғаты бірден көз тартады. Фильмнің операторы В. Оттың өз ісінің шебері екенін атап айту қажет.

Бұл күндері туысқан румын халқы Румын Жұмысшы партиясының басшылығымен баянды бейбітшілік үшін күресіп, өз елінде социализм орнату жолындағы бейбіт еңбекпен шұғылданауда. «Орындалған арман» кинофильмі осы игі іс жолындағы еңбек пен күрес жолының бастапқы кезеңін көрсетеді.

Бұл фильм көзір облысымыздың кино театрларының экрандарында көрсетіліп жатыр.

М. НУРПЕЙСОВ.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ
ПХЕНЬЯН, 16 апрель. (СОТА). Корея Халық -Демократиялық Республикасының Халық армиясы Бас командованиясінің бүгінгі берген хабарында, өткен күні Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің құрамалары Пенамдон ауданында американдық-ағылшын-интервенцияға және дисынманшыл әскерлерге қарсы жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді делінген.

Бүгін Халық армиясының зенит белімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 6 самолетін атып түсірді.

АМЕРИКАН АВИАЦИЯСЫ КОРЕЯНЫҢ БЕЙБІТ ХАЛҚЫН ӘЛІ БОМБАЛАУДА

ПХЕНЬЯН, 16 апрель. (СОТА). Американдық авиациясы Кореяның бейбіт қалалары мен селоларына шабуыл жасап, оларға пулеметтерден оқ жаудырауда.

Кореяның Орталық телеграф агенттігі тілшісінің Чхончжиньнен берген хабарына қарағанда, осы қала американдық самолеттерінің шабуылына ұшырап, американдық соғыс кемелерінің атқылауына душар болған. 13 апрельде қараған түнде 120 американдық бомбардировщиктері мен штурмовиктері Чхончжинді және оның төңіректерін күшті бомбалап, пулеметтерден оқ боратқан. Таң атып келе жатқанда американдық соғыс кемелері қалаға зенбіректерден оқ жаудырды. Американдық бомбардировщиктері мен штурмовиктері мұнан кейін де қаланың үстіне қайтадан ұшып келісіп жүрді. Қалаға бірнеше жүз бомбалар, соның ішінде көптеген напалмдар тасталды. Көптеген жер үйлер және басқа құрылыстар сол сияқты, екі емхана, үш мектеп қыйратылды және өртенді. 200-ге жуық бейбіт адамдар қазаға ұшырады, жараланды.

Американдық авиациясы, сол сияқты, көктемгі дала жұмыстарын болдыртпауға әрекеттеніп, елдің селолық аудандарына да шабуылдар жасауда.

15 апрельде күні бойы американдық истребительдері мен штурмовиктері Пхеньянның төңірегіндегі селолық елді пункттер мен даланы бомбалап, оларға оқ жаудырауда болды. Далада жұмыс істеп жүрген көптеген шаруалар қазаға ұшырап, көптеген ауылшаруашылық саймандары қыйратылды.

КОЧЖЕДО АРАЛЫНДАҒЫ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫН ЖАҢАДАН ЖАЗАЛАУ

ПЕКИН, 16 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Кэсоннан берген хабарына қарағанда, Кочжедо аралындағы соғыс тұтқындары үшін салынған американдық лагерінде бір соғыс тұтқыны жараланған. Осы жолы, деп жазады тілші, «қараңғылық түскеннен кейін соғыс тұтқынының

Кочжедо ауданында

Ауыспалы Қызыл ту алды

Қарақоға теміржол станциясының коллективі март айының вагоннақ жүк түсіру және жүк тиеу жоспарын мерзімінен бұрын асыра орындады. Мұның негізінде вагондардың

Балалар яслилері меңгерушілерінің семинары

Колхоздағы балалар яслилі менгерушілерінің 2 күндік семинары болып өтті. Семинарда аудандық ден-

дұрыс іріктеп алудың және дұрыс орналастырудың зор маңызы бар екенін атап көрсетті.

«Дұрыс саяси бағыт берілгеннен кейін, — деді Сталин жолдас, — қызметкерлерді іріктеп алу керек. іріктеп алғанда қызмет орындарына директиваларды жүзеге асыра білетін, директиваларды ұғына білетін. бұл директиваларды өздеріне жақын директивалар деп қабылдай алатын, сондықтан ол директиваларды орындай білетін адамдар қойылатындай ету керек. Бұлай болмаған күнде саясат мағынасын жоғалтады, құр қол сілтеуге айналады» (Шығармалар, казакшасы, 5-том, 231-232 беттер).

Сталиндік бұл нұсқауларды партия кадрларды тәрбиелеу және іріктеп алу жөніндегі өзінің жұмысының негізі етіп алды.

Съезд партияның Орталық Комитетінің баяндамасы бойынша қабылдаған қарарында партияның алдында тұрған революцияның бүкіл тағдырын шешетін маңызды саяси міндет: «асқан қамқорлықпен және ұқыптылықпен жұмысшы табының шаруалармен одағын мейлінше қорғау және дамыту. Партия кезекті маңызды проблемаларды осы тұрғыдан қарауға тиіс...» деп көрсетті.

Съезд НЭП-ті социалистік бағыттан шегіну деп түсінген адамдарға күйрете соққы берді, елдің өмірі үшін ең қажетті кәсіпорындары мен өнеркәсіп салаларын капиталистерге концессияға беруді. Октябрь революциясы жойып жіберген патша үкіметінің қарыздарын империалистерге төлеуді, сыртқы сауда монополиясын жойды көздеген бухариншілер мен троцкишілердің басқыншылық ұсыныстарына бағыл тойтарыс берді. Сөйтіп, съезд сыртқы сауда монополиясының мызғымайтындығын және оны жүзеге асыруда айналып өтудің немесе тұрақсыздықтың қандайына болсын жол берілмеуі қажет екенін көрсетті.

Малшылар арасындағы саяси үгіт

Совет ауданындағы «Совет» колхозының партия ұйымы малшылар арасындағы саяси үгітті жақсартты. Үгітшілер тобының құрамындағы 15 адамның көпшілігі мал өсірушілер арасында жұмыс істейді. Олар мал өсірушілерге партияның XIX съезінің директиваларын кеңінен насихаттап, малшыларды қажырлы еңбек етуге жұмылдырып отыр.

Кәзір колхоз фермаларында озат мал өсірушілердің қатары күн санап арта түсуде. Колхозшы Л. Тараханова, Л. Семеновна, Л. Шайкевич жолдастардың арқайымен өз қарамағындағы 25 бұзауды шығынсыз өсіріп келеді. Шопандар Иса-

жаңа экономикалық саясаттың жағдайында біздің еліміздің даму ерекшелігі XII съезде ұлт мәселесін талқылауды қажет етті.

Съезде И. В. Сталин жолдас «Партия мен мемлекет құрылысындағы ұлттық моменттер туралы» баяндама жасады.

Сталин жолдас өзінің баяндамасында Шығыс елдері халықтарының ұлт мәселесі түңғыш рет іс жүзінде шешіліп отырған Совет еліне тәжірибе орны деп қарайтынын айта келіп, Совет Одағында ұлт мәселесінің дұрыс шешілуінің халықаралық зор маңызы бар екенін көрсетті. Сталин жолдас партия егер, Совет Одағының шеңберінде халықтардың арасында шын туысқандық қатынастар орната алса, онда Шығыстың езілген халықтары біздің елімізге ерөтінін және империализмге қарсы ұлттық езілушіліктен босану жолындағы күресін өрістететінін айтты. Бұл империализмнің әлсіреуіне әкеп соғады. Егер, біз бұрын езілген халықтардың Россия пролетариатына сенімін жоғалтсақ, егер, ұлт мәселесін дұрыс шешудің үлгісін көрсетпесек, — онда империализм ұтады.

Ішкі жағдай тұрғысынан ұлт мәселесінің маңызы жөнінде айта келіп, Сталин жолдас біздің еліміздің халықтарының бір мемлекетке бірігуіне кедергі жасайтын күштер бар екенін көрсетті. Ол — ұлы державалық шовинизмнің қалдықтары, ұлттардың шаруашылық және мәдени жағынан іс жүзіндегі теңсіздігі және ұлт республикаларындағы жергілікті шовинизмнің қалдықтары. Сталин жолдас біздің еліміздің сол кездегі даму жағдайында ұлт мәселесінің таптық мәні «бұрынғы державалық ұлттың пролетариаты мен бұрынғы езілген ұлттардың шаруаларының арасындағы арақатынастарды белгілеуде» деп анықтап берді.

Сталин жолдас ұлтшыл-уклонистерді және олардың аз ұлттар жөніндегі ұлы державалық саясатын, сондай-ақ, ұлт мәселесін әлеуметтік мәселеден бөліп алуды

съезд Орталық Бақылау Комиссиясының Жұмысшы Шаруалар Инспекциясының біртұтас органын құру жөнінде қарар қабылдады. Бұл органның міндеті — партияның бірлігін қорғау, партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайту, мемлекеттік аппаратты мейлінше жақсарту беру болды.

Партияның XII съезі В. И. Лениннің соңғы еңбектерінде берілген нұсқауларын, съезді басқарған И. В. Сталиннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, партияның халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің кең программасымен, НЭП негізінде социалистік құрылыстың программасымен қаруландырды. Бұл қарарлар партияға және біздің еліміздің барлық еңбекшілеріне тарихи қысқа мерзімде экономикалық дамуда, жұмысшы табының шаруалармен одағын нығайтуда, Совет мемлекетінің қуатын күшейтуде, ССРО халықтарының достығын нығайтуда елеулі табыстарға ие болуына көмектесті. Съезд қарарлары негізінде партия өз қатарын оған сайын тығыз топтастыра түсті.

Сталин жолдасының баяндамаларында және съездің қарарларында көрсетілген жұмысшы табының шаруалармен одағын нығайту туралы, ұлттардың тең құқылығы және халықтар достығы негізінде көп ұлтты берік мемлекетті құру жолдары туралы, жаңа экономикалық саясат жағдайында халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің жолдары мен әдістері туралы, социалистік құрылыстағы партияның басшылық ролі туралы, партияның бірлігі туралы негізгі қағидалардың социализмге бет алған халықтық демократия елдерінің Коммунистік және Жұмысшы партиялары үшін баға жетпес маңызы бар.

И. ГРИГОРЬЕВ.

ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ СЕКРЕТАРЬЛАРЫНЫҢ СЕМИНАРЫ

Жақында Полудень аудандық партия комитеті бастауыш партия ұйымдары секретарьларының екі күндік семинарын өткізді. Семинарда «Партия ұйымының жыйналысына әзірлік және оны өткізу», «Көктемгі егіс жұмыстары кезіндегі үгіт-бұқаралық жұмысы», «Колхоздарда еңбекті ұйымдастыру туралы» деген тақырыптарда баяндамалар тыңдалды.

Семинардың соңында бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары И. В. Сталин жолдасының «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық еңбегі туралы лекция тыңдалды.

станцияда тұру уақыты кемітілді.

Петропавл теміржол бөлімшесінің бұйрығы бойынша Қарақоға теміржол станциясының коллективіне ауыспалы Қызыл ту берілді. Бұған жауап ретінде Қарақоға теміржолшылары 1 Май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетте түсуде.

Өнерпаздар үйірмесі

Қарақоға орта мектебінде оқушылардан ұйымдастырылған өнерпаздар үйірмесі бар. Көркемөнер үйірмесінің мүшелері село еңбекшілеріне 3 рет концерт берді. Жуырда болып өткен көркемөнер үйірмесі мүшелерінің дарындылығын байқауда олар аудан бойынша бірінші орынға ие болды. Оқушылар Измайлова мен Алексеевко Сталин, партия және Отан туралы совет композиторларының әндерін әсерлі етіп орындады.

ОҚЫРАҒА ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ

Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советі аткомінің міндетті қарары

Петропавл қаласы № 1 28 март 1953 жыл

1953 жылы сыйыр малының оқырасына қарсы күрес шараларын деркөзінде және сапалы жүргізу мақсатында еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық Советі аткомі қаулы етті:

1. 1953 жылғы 1 июньден бастап колхоздардың, совхоздардың, көмекші шаруашылықтардың және жеке азаматтардың қарауындағы сыйыр малдарын оқыра құртынан тазарту ісі жүргізілсін.

Оқыра құртын алу және құрту ісі малдәрігерлік қызметкерлердің басқаруымен механикалық (сығып шығару) және химиялық әдіспен, оқыраға қарсы арнаулы препараттарды қолдану арқылы жүргізілсін.

2. Ірі қара малды жаппай оқыра құртынан тазарту ісін жүргізу міндеті совхоз директорларына, колхоз председателдеріне, шаруашылық ұйымдардың басшыларына, аудандардың, совхоздар мен көмекші шаруашылықтардың бас малдәрігерлеріне жүктелсін. Малдәрігерлік фельдшерлер, малдәрігерлік санитарлар, мал өсірушілер, мал бағушылар және сауыншылар сыйыр малын оқыра құртынан тазарту ісін міндетті түрде қатыстырылсын. Жеке пайдаланудағы сыйыр малдарын оқыра құртынан тазарту ісін малдәрігерлік қызметкерлердің басшылығымен және бақылауы мен мал иелерінің өздері жүргізуге тиіс.

3. Сыйыр малын міндетті түрде оқыра құртынан тазарту ісін жүргізуді бақылап отыру, облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының малдәрігерлік бөліміне, еңбекшілер депутаттарының аудандық, селолық, ауылдық және поселкелік Совет аткомдеріне жүктелсін.

4. Малдарын оқыра құртынан тазартудан бастартқан шаруашылық басшылары мен мал иелеріне әкімшілік жолымен 100 сом мөлшерінде айып салынсын немесе бір ай мерзімге дейін еңбекпен түзеу жұмысына жіберілсін.

5. Осы міндетті қарар баспасөзде жарияланғаннан кейін 15 күннен соң күшіне кіреді және Солтүстік Қазақстан облысы жерінде осы жұмысты жүргізу маусымы бойына, яғни 1953 жылғы 1 августқа дейін күшінде болады.

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советі аткомінің председатели

К. ОСПАНОВ.

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советі аткомінің секретары

Е. ЗАЙТОВ.

Машиналар сатып алды

Аудан колхоздары жүк машиналарын сатып алуда. Кәзір колхоздардың көпшілігінде жүк машиналары бар. «Красная крепость» колхозында 3 машина, ал «Новый путь» колхозында 2 жүк машинасы бар.

Рентген ашылды

Аудан орталығы Қарақоға селосына рентген аппараты орнатылып, жұмысқа қосылды. Бұдан бұрын аудан еңбекшілері рентгеннен өту үшін облыс орталығына баратын. Рентгенде қаралушылар Булаев ауданынан да келеді.

қақпалы шығуы оны жазалануға сылтау болған.

ФРАНЦУЗДЫҢ «РЕНО» ЗАВОДЫНДАҒЫ ЕРЕУІЛ

ПАРИЖ, 16 апрель. (СОТА). Франс Пресс агенттігі кеше Париждағы «Рено» заводы цехтарының бірінде ереуіл басталды, оған 1200 жұмысшы қатысты деп хабарлайды. Ереуіл жасаушылар жалақының арттырылуын талап етуде.

ЧАРЛИ ЧАПЛИННІҢ АҚШ-қа ҚАЙТЫП БАРУДАН БАС ТАРТУЫ

НЬЮ-ИОРК, 16 апрель. (СОТА). Ассошиэтед Пресс агенттігінің Вашингтондағы тілшісінің хабарлауына қарағанда, АҚШ-тың заң министрлігі белгілі киноактер Чарли Чаплиннің Құрама Штаттарға қайтып баруына берілген рұқсатты алудан бас тартқандығын жариялаған. Сөйтіп, ол енді қайтадан Құрама Штаттарда мекендеп тұрғысы келмейтіндігін білдірген.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын

«ЕРТЕҢ БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ БИЛЕЙДІ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын

«ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Касса сағат 3-тен бастап ашық.

Петропавлдағы ауыл шаруашылығын механикаландыру мектебі шоферлер даярлайтын бөлімге қосымша оқушылар қабылдайды. Оқу мерзімі 3 ай. Мектепке қабылданғандарға 140 сом мөлшерінде стипендия төленеді. Оқуға 4—5 класс көлемінде білімі бар ерлер мен әйелдер қабылданады. Мектептің адресі: Петропавл қаласы, Борки, телефон № 7-90.

Әйелдер босанатын үйге ат күтуші КЕРЕК. Жұмысқа қабылданған адам пәтер үймен, тегін отынмен және жарықпен қамтамасыз етіледі.